

¹Муминов А.К.  ²Дүйсенов Б.Д.  ³Құрманбаева Қ.С. 

^{1,2,3}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
e-mail: muminov9703@yahoo.com, bagdat75@inbox.ru, kurmanbayeva.ks@gmail.com

АҚМОЛАНЫҢ АҒА СҰЛТАНЫ ҚОҢЫРҚҰЛЖА ҚҰДАЙМЕНДИН: АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН АРАБЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР НЕГІЗІНДЕ ТАРИХИ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Кіріспе. Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласының әкімшілік-саяси өзгерістері аясында Ақмола сыртқы округінің алғашқы аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендиннің тарихи тұлғасы архивтік құжаттар, эпиграфикалық ескерткіштер және заттай деректер негізінде қайта қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Қоңырқұлжаның Ақмола округінің қалыптасуындағы қызметін, империялық әкімшілікпен қарым-қатынасын, дала элитасы арасындағы орнын және әулеттік тарихи жадтағы бейнесін өзара толықтырушы дерек топтары арқылы реконструкциялау. Материалдары ретінде Омбы облысының тарихи архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Астана қаласының мемлекеттік архивіндегі іс жүргізу материалдары, 2025 жылғы далалық зерттеу барысында Қарағанды облысының Нұра ауданы Ахмет төре ауылындағы Төре қорымынан тіркелген арабжазулы құлпытастар туралы мәліметтер енгізілді. Деректанулық сын, тарихи-салыстырмалы, эпиграфикалық, палеографиялық және сфрагистикалық әдістер қолданылды. Нәтижелер. Архив материалдары сұлтанның әкімшілік мәртебесі мен саяси қызметін көрсетсе, құлпытас мәтіндері оның нақты қайтыс болған мерзімін, әлеуметтік-діни титулатурасын және әулеттік мемориалдық кеңістікті нақтылайды. Қорытынды. Зерттеу Қоңырқұлжа тұлғасын біржақты саяси бағалаудан гөрі, империялық реформалар мен дәстүрлі дала институттары тоғысқан өтпелі дәуірдің күрделі өкілі ретінде қарастырудың нәтижелі екенін көрсетеді.

Алғыс: Мақала «Зияткерлік тарихты зерттеудегі мәдени ескерткіштердің маңызы (Ақмола өңірі қорымдарындағы эпиграфика материалдары негізінде)» гранттық жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP26198545)

Кілт сөздер: Қоңырқұлжа Құдаймендин, Ақмола сыртқы округі, аға сұлтан, архивтік құжат, эпиграфика, Төре қорымы, тарихи реконструкция, қазақ төрелері.

Кіріспе

XIX ғасырдың бірінші жартысы Орта жүз аумағындағы саяси басқару жүйесі түбегейлі қайта құрылған кезең болды. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» хандық биліктің бұрынғы құрылымын әкімшілік-аумақтық жаңа сатылармен алмастырып, округ–болыс–ауыл жүйесін және аға сұлтан институтын орнықтырды. Жарғының мазмұны мен іске асу тетіктерін арнайы зерттеген Ж.А. Ермекбай бұл реформаны Батыс Сібір әкімшілігінің Орта жүзді басқарудың жаңа үлгісіне көшіру әрекеті ретінде сипаттайды; жаңа жүйеде Шыңғыс әулетінен шыққан сұлтандар округтік деңгейдегі басқаруға тартылды (Ермекбай, 2022: 7–13). Жаңа округтердің құрылуы және аға сұлтан институтының дәстүрлі билер мен хандар билігінің орнын басуы С.З. Зимановтың монографиясындағы саяси-құқықтық талдаулармен де сабақтасады (Зиманов, 2009: 215–222). Бұл өзгерістер дәстүрлі саяси беделді толық жойған жоқ, қайта оны империялық кеңселік рәсімдермен ұштастырған аралық басқару моделін қалыптастырды.

Осындай өтпелі саяси ортада Ақмола сыртқы округінің алғашқы аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендиннің қызметі айрықша көрінеді. Оның өмірбаяны Ақмола округінің

ашылуы, жергілікті төре-сұлтандардың жаңа әкімшілік жүйеге бейімделуі, Ресей билік орындарымен хат алмасу, даладағы саяси бәсекелестік және әулеттік тарихи жад мәселелерімен сабақтас. Қоңырқұлжаға қатысты мәліметтер Төңкеріске дейінгі сипаттамаларда, Ш. Уәлиханов мұрасында, XIX ғасырдың ресми құжаттарында және кейінгі зерттеулерде ұшырасады (Красовский, 1868; Валиханов, 1984–1985; Бекмаханов, 1992). Алайда бұл деректердің табиғаты әртүрлі болғандықтан, тұлғаның тарихи бейнесі де біркелкі қалыптаспаған.

Зерттеудің негізгі проблемасы – Қоңырқұлжа Құдаймендинді тек «империялық әкімшіліктің өкілі» немесе, керісінше, тек жергілікті мүддені қорғаған қайраткер деген екі ұшты бағалаудың шеңберінен шығару. Аға сұлтанның қызметі империялық әкімшілік тәртібіне кірігу мен дәстүрлі төрелік беделді сақтау арқылы қатар жүргенін көрсетеді. Сондықтан оның саяси тәжірибесін сол кезеңдегі институттық өзгерістер, руаралық қатынастар, округтік басқару және империялық билікпен келіссөздер контекстінде талдау қажет. Бұл тұрғыдан архивтік іс жүргізу материалдары ерекше маңызды, өйткені олар кейінгі баяндаулардан гөрі оқиғаға жақын уақытта жасалған ресми құжаттар ретінде тұлғаның нақты әкімшілік мәртебесін, қызметтік траекториясын және билік орындарының оған қатынасын айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге архивтік дерек тұлғаның өмірінің барлық қырын қамтымайды. Ресми кеңсе құжаттары көбіне қызмет, бұйрық, өтініш, марапат, тергеу немесе әкімшілік рәсім шеңберінде жасалады. Қоңырқұлжа әулетінің ішкі тарихи жады, діни формулалары, мемориалдық мәдениеті және ұрпақ сабақтастығы эпиграфикалық материалдар арқылы жақсырақ көрінеді. 2025 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Ахмет төре ауылындағы Төре қорымында жүргізілген зерттеу кезінде тіркелген арабжазулы құлпытасар осы олқылықтың орнын толтыратын дерек кешенін құрайды. Құлпытас мәтіндері Қоңырқұлжаның қайтыс болған нақты күнін, жасын, әкесінің атын және «Хажж әл-Харамайн» тәрізді титулатураны сақтаған.

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – архивтік, эпиграфикалық және заттай деректерді өзара салыстыру арқылы Қоңырқұлжа Құдаймендиннің қоғамдық-саяси қызметі мен әулеттік тарихи жадтағы орнын реконструкциялау. Алға қойған мақсатымызды жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауға тырыстық: 1822 жылғы реформалар контекстіндегі аға сұлтан институтының ерекшелігін көрсету; Қоңырқұлжаның Ақмола округінің құрылуындағы орнына қатысты деректерді талдау; архивтік құжаттарда көрінетін қызметтік мәртебесі мен саяси байланыстарын жүйелеу; Төре қорымының эпиграфикалық материалдарын тарихи-деректанулық тұрғыдан бағалау; әртекті деректер арасындағы сәйкестік пен қайшылықтарды анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеудің деректік базасы бірнеше топтан тұрады. Бірінші топ – Ресей Федерациясы Омбы облысының тарихи архивіндегі материалдар. Қолдағы архивтік көшірмелер мен бұрын жасалған сипаттамаларда Омбы облыстық басқармасы, Батыс Сібір Бас басқармасы және Сібір казак әскері басқармасына қатысты істер қамтылған. Мақалада ООТА (Омбы облысының тарихи архивіндегі) № 3 қор, 1-тізімдеме, 1135-істе «О депутациях старейшин султанов: Сарта Ючина, Кунур-Кульджи Худай-Мендина и Сартая Чингисова (докладные записки, выписки из журналов, донесения, рапорта)» атты 1832 жылғы 1 қараша – 1834 жылғы 18 қазан аралығындағы істер тіркелген, 132 беттен тұратын құжат қарастырылады. Сонымен қатар, мұнда Қоңырқұлжаға қатысты басқа да істердегі ресми қатынастар мен қызметтік хаттар пайдаланылды. Бұл құжаттарда оның аға сұлтан ретіндегі мәртебесі, әкімшілік мекемелермен байланысы және қызметіне қатысты мәселелер көрініс табады.

Екінші топ – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары. Қолда бар материалдарда ҚР ОМА 338-қор, 1-тізім, 804-істе «Дело о поездке султанов Ючина,

Худаймендина и Чингисова в Санкт-Петербург» атты іс тіркелген. Сонымен қатар, осы ҚР ОМА 338-қор, 1-тізімнің мына істері: 408-іс (299-парақ), 369-қор, 1-тізім, 871-іс, 369-қор, 2-тізім, 871-іс, сондай-ақ 374-қор, 1-тізім, 627 және 2960-істер қарастырылды. Бұлардың бір бөлігі Батыс Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы мен Ақмола облыстық басқармасының іс жүргізуіне, бір бөлігі кейінгі кезеңдегі Қоңырқұлжа әулеті мен даладағы жазба коммуникация мәселелеріне қатысты. Астана қаласының мемлекеттік архивіндегі 362-қор, 1-тізім, 20-іс, 23-парақ және 5-тізім, 51-іс те Ақмола округтік басқаруының тарихын нақтылауға тартылды.

Үшінші топ – Ахмет төре ауылындағы Төре қорымының 2025 жылғы далалық зерттеу материалдары. Экспедиция барысында құлпытастардың фотосуреттері түсіріліп, өлшемдері белгіленді, араб графикасындағы мәтіндер оқылып, транскрипциясы мен аудармасы жасалды. Мақалада Қоңырқұлжа Құдаймендин және оның ұлы Темірбай Қоңырқұлжаұлы Құдаймендин құлпытастары негізгі нысан ретінде қарастырылады.

Төртінші топ – жарияланған ғылыми әдебиет. М.И. Красовскийдің Сібір қырғыздары облысына арналған еңбегі XIX ғасырдағы округтік басқарудың географиялық және әкімшілік контексін береді (Красовский, 1868). Е.Б. Бекмаханов Кенесары Қасымұлы қозғалысын және 1820–1840 жылдардағы саяси үдерістерді кең ауқымда қарастырды (Бекмаханов, 1992). Ж.А. Ермекбай 1822 жылғы Жарғының мазмұны мен Батыс Сібір әкімшілігінің қазақ өзін-өзі басқаруына ықпалын арнайы зерттеді (Ермекбай, 2017; 2018; 2022). Солтүстік Қазақстан қалалық кеңістігінің қалыптасуындағы әкімшілік және қазақ факторларын Ж.Е. Нұрбаев, Г.Ж. Сұлтанғазы, Л.К. Мұқатаева талдаған (Nurbayev et al., 2021). Қазақ әскери элитасының қорғаныс қарулары жөніндегі Л.А. Бобров зерттеулері музейлік сауытты тарихи-материалдық мәдениет контексіне енгізуге мүмкіндік береді (Бобров, 2016).

Әдістемелік тұрғыдан деректанулық сын негізгі орын алады. Архивтік құжаттардағы мәліметтер құжаттың жасалу мақсаты, адресаты, кеңселік жанры және әкімшілік мүддесі ескеріле отырып талданды. Бір оқиға туралы кейінгі өлкетанулық мәтіндер мен архивтік түпнұсқа арасында айырмашылық болған жағдайда, басымдық архивтік құжатқа және академиялық жарияланымға берілді. Тарихи-салыстырмалы әдіс әртүрлі дерек топтарындағы есімдер, даталар, титулдар мен оқиғаларды салыстыру үшін қолданылды. Эпиграфикалық және палеографиялық талдау араб графикасындағы эпиграфиялардың мәтіндік құрылымын, діни формулаларын және ономастикалық деректерін анықтауға бағытталды. Сфрагистикалық тәсіл араб графикасындағы хаттар мен мөрлердің дәстүрлі дала кеңселік мәдениетіндегі орнын түсіндіру үшін пайдаланылды.

Талқылау

Қоңырқұлжа Құдаймендиннің қоғамдық-саяси қызметі мен Ақмола сыртқы округінің тарихы отандық және ресейлік зерттеушілер еңбектерінде XIX ғасырдағы әкімшілік реформалар, қазақ даласын басқару жүйесі және ұлт-азаттық қозғалыстар аясында қарастырылған. М.И. Красовский Сібір қазақтары облысының географиялық жағдайы мен әкімшілік құрылымына сипаттама беріп, округтік басқару жүйесінің ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік беретін маңызды мәліметтер қалдырды (Красовский, 1868). Е.Б. Бекмаханов 1820–1840 жылдардағы саяси үдерістерді, соның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты зерттеп, қазақ сұлтандарының Ресей империялық әкімшілігімен қарым-қатынасын кең тарихи контексте талдады (Бекмаханов, 1992).

Ж.А. Ермекбайдың еңбектерінде 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» мазмұны, Батыс Сібір әкімшілігінің қазақ қоғамындағы дәстүрлі басқару жүйесіне ықпалы және округтік биліктің қызметі жан-жақты зерттелген (Ермекбай, 2017; 2018; 2022). Солтүстік Қазақстандағы қалалық кеңістіктің қалыптасуына әкімшілік басқару мен қазақ қоныстануының әсерін Ж.Е. Нұрбаев, Г.Ж. Сұлтанғазы және Л.К. Мұқатаева қарастырған (Nurbayev et al., 2021). Ал Л.А. Бобровтың қазақ әскери элитасының қорғаныс қаруларына

арналған зерттеулері Қоңырқұлжа әулетіне қатысты музейлік жәдігерлерді тарихи және материалдық мәдениет тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді (Бобров, 2016).

Зерттеудің деректік негізін Омбы облысының тарихи архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және Астана қаласының мемлекеттік архиві қорларындағы құжаттар құрайды. Оларда Қоңырқұлжа Құдаймендиннің аға сұлтан ретіндегі қызметі, Санкт-Петербургке сапары, империялық әкімшілік мекемелермен байланысы және Ақмола округтік басқару жүйесіне қатысты мәліметтер сақталған. Сонымен қатар, 2025 жылы Ахмет төре ауылындағы Төре қорымында жүргізілген далалық зерттеу материалдары пайдаланылды. Қоңырқұлжа Құдаймендин мен оның ұлы Темірбайдың құлпытастарындағы араб графикалы мәтіндердің оқылуы мен аударылуы олардың өмірбаяны мен әулеттік тарихын толықтыратын жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берді.

Осылайша, бұрынғы зерттеулерде мәселенің әкімшілік, саяси және әскери-мәдени қырлары жеке-жеке қарастырылғанымен, Қоңырқұлжа Құдаймендиннің қызметін архив құжаттары, эпиграфикалық материалдар және музейлік жәдігерлер негізінде кешенді зерттеу әлі де толық жүзеге асырылмаған. Осы жағдай ұсынылып отырған зерттеудің өзектілігі мен ғылыми маңызын айқындайды.

1822 жылғы реформа және аға сұлтан институтының қалыптасуы

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» Орта жүздегі саяси басқарудың институционалдық негізін өзгертті. Округтер бірнеше болыстан, болыстар ауылдардан құрылып, округтік приказдың төрағалығына аға сұлтан сайланды. Зерттеушілер бұл реформаның бір жағынан хандық билікті әлсіретіп, империялық әкімшілік бақылауды күшейткенін, екінші жағынан жергілікті төре элитасын жаңа басқару аппаратына тартқанын көрсетеді (Ермекбай, 2018: 18–27; Ермекбай, 2022: 7–13). Демек, аға сұлтан қызметі дәстүрлі легитимдік пен империялық құқықтық рәсімнің түйіскен нүктесі болды.

Қоңырқұлжа Құдаймендиннің билікке келуін осы институттық контекстен бөліп қарауға болмайды. Архивтік материалдар мен жарияланған деректерде оның әкесі Құдайменде әулетінің Қарпық және оған іргелес болыстар арасында беделді болғаны, ал Қоңырқұлжаның сол әлеуметтік-саяси капиталды жаңа әкімшілік жағдайда пайдаланғаны байқалады. 1830 жылғы сайлауға қатысты жарияланған құжатта жергілікті өкілдердің Қоңырқұлжаны «мұрагер және осы болыстарды бұрыннан басқарған Құдайменде сұлтанның үлкен ұлы» ретінде аға сұлтандыққа таңдағаны көрсетіледі. Бұл дерек аға сұлтанды сайлау рәсімінің империялық сипатымен қатар әулеттік беделдің де шешуші маңызын сақтағанын көрсетеді.

Ақмола округінің ашылуы және Қоңырқұлжаның бастамасы

Қоңырқұлжа қызметінің ең маңызды қырларының бірі – Ақмола сыртқы округінің құрылу тарихына қатысы. Қолдағы материалдарда 1829 жылы Қарпық болысының сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин Ақмола алқабы маңында округ ашу жөнінде бастама көтергені көрсетіледі. Жеке Сібір корпусы штабының бастығы генерал-майор С.Б. Броневскийдің жазбаларына сүйенетін зерттеулерде оның өтініші жоғары билік тарапынан қаралып, қанағаттандырылғаны айтылады. Бұл жерде «қаланы жалғыз өзі негіздеді» деген кейінгі публицистикалық формуладан гөрі, Қоңырқұлжаның округ пен әкімшілік орталық ашуға бастамашылық жасаған жергілікті саяси тұлға болғанын айту ғылыми тұрғыдан дәлірек.

1830 жылы подполковник Ф.К. Шубин бастаған отряд болашақ округ орталығының орнын белгілеу үшін Сарыарқаға жіберілді. Қолдағы материалдар Қараөткел–Ақмола аймағын таңдау барысында жергілікті сұлтан мен ру басыларының географиялық білімінің пайдаланылғанын көрсетеді. 1832 жылы Ақмола сыртқы округінің ресми ашылуы жаңа әкімшілік орталықтың қалыптасуын бекітті. Кейінгі статистикалық және географиялық сипаттамалар Ақмоланың Есіл–Нұра аралығындағы сауда, көш жолдары және әскери-әкімшілік коммуникациялар үшін қолайлы орналасқанын көрсетеді (Красовский, 1868; Материалы по киргизскому землепользованию, 1907). XVIII–XIX ғасырлар тоғысындағы Сарыарқа өңіріндегі дәстүрлі билеуші элитаның империялық әкімшілікпен сауда-

экономикалық және саяси байланыстарға тартылу процесі Н.Г. Аполлованың монографиясында концептуалды түрде дәлелденген (Аполлова, 1960: 180–185).

Осы үдерісте Қоңырқұлжаның рөлін екі деңгейде бағалауға болады. Біріншісі – жергілікті деңгей: ол өзіне қарасты және көршілес болыстардың саяси мүддесін, қауіпсіздік пен басқару мәселелерін империялық әкімшілікке жеткізген делдал болды. Екіншісі – институционалдық деңгей: округ ашылғаннан кейін жаңа әкімшілік құрылымның төрағасы ретінде оның жұмысын жүргізуге қатысты. Сондықтан Қоңырқұлжаның Ақмола тарихындағы орны тек «қала орнын көрсету» эпизодымен шектелмейді; ол жаңа округтік жүйенің жергілікті ортада орнығуына қатысқан алғашқы буын өкілдерінің бірі. Қоңырқұлжа сұлтанның Ақмола бекінісінің орнын нұсқап бере отырып, қалада алғашқы екі қабатты ағаш мешіт пен сауат ашу медресесін ұйымдастырудағы рухани-ағартушылық бастамалары А.Ф. Дубицкийдің еңбегіндегі өлкетанулық мағлұматтармен сабақтасады (Дубицкий, 1959: 28–34).

XIX ғасырдағы Қазақ даласындағы дәстүрлі этно-әлеуметтік құрылымның реформалар нәтижесінде трансформациялануы, төрелер элитасының қоғамдағы орны мен дәстүрлі институттардың сақталу мәселелері Ж.О. Артықбаевтың этнографиялық зерттеулерінде кеңінен қарастырылған (Артықбаев, 2005: 142–148).

Қоңырқұлжаның қызметтік траекториясын нақтылауда 1848 жылғы формулярлық тізім ерекше маңызға ие. Бұл құжатта оның жасы, діні, әлеуметтік жағдайы, аға сұлтандық қызмет мерзімдері, алған шендері мен марапаттары көрсетілген. Құжат бойынша ол 1832 жылы аға сұлтан болып бекітіліп, 1842 жылы қызметтен босатылған, 1845 жылы қайта сайланып, 1849 жылға дейін қызмет атқарған. Формулярлық тізім оның 1833 жылы подполковник шенін, 1834 жылғы император сарайында болған кезде алтын медаль және құрметті сыйлықтар алғанын, 1836 жылы мұрагерлік дворяндыққа енгізілгенін, 1840 жылы полковник шеніне көтерілгенін тіркейді (ҚР ОМА, 374-қ., 1-т., 2154-іс).

Формулярлық тізімнің құндылығы – ол кейінгі өмірбаяндық баяндауларды нақты қызметтік хронологиямен салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар құжатта Қоңырқұлжаның байлығы мен көш жолдары туралы мәліметтер берілуі аға сұлтанның әкімшілік беделі тек шенмен емес, дәстүрлі көшпелі шаруашылықтағы экономикалық әлеуетімен де байланысты болғанын көрсетеді. Мұндай мәліметтер XIX ғасырдағы дала элитасының империялық қызмет пен жергілікті әлеуметтік ресурсқа бір мезгілде сүйенгенін аңғартады.

Қоңырқұлжаның Санкт-Петербургке сапары да архивтік істерде арнайы әкімшілік рәсім ретінде көрінеді. Қолда бар құжаттарда сапарға рұқсат беру, жол жүру, жоғары мекемелер арасындағы хат алмасу тәрізді мәселелер қамтылған. Бұл деректерді пайдалану кезінде кейінгі публицистикалық әдебиетте кездесетін «қазақтарды рекруттық міндеттен дәл Қоңырқұлжа босатты» деген кесімді тұжырымды сақтықпен қолдану қажет. Қолдағы архивтік материалдар оның жоғары билікке барғанын және империялық орталықта қабылданғанын растайды, ал рекруттық міндет туралы нақты себеп-салдарлық байланысты жеке нормативтік актілермен және Сібір комитетінің материалдарымен қосымша тексеру қажет. Сондықтан бұл мақалада Петербург сапары оның империялық билікпен тікелей коммуникация жасау деңгейіне жеткен саяси мәртебесінің көрсеткіші ретінде бағаланады.

Қоңырқұлжа Құдаймендиннің Кенесары Қасымұлы қозғалысымен байланысы тарихнамадағы ең даулы мәселелердің бірі. 1837–1847 жылдардағы қозғалыстың жалпы саяси контекстін Е.Б. Бекмаханов кең көлемде зерттеп, патша әкімшілігіне сүйенген аға сұлтандар мен көтерілісшілер арасындағы қатынастардың күрделілігін көрсеткен (Бекмаханов, 1992). 1838 жылғы Ақмола бекінісіне шабуыл Қоңырқұлжаның ресми әкімшілік қызметі мен Кенесарының саяси бағдарламасы тікелей қақтығысқан оқиғалардың бірі болды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың саяси астары мен отаршылдыққа қарсы күрес хронологиясы ерте кеңестік тарихнамада А.Ф.


Рязановтың Қазақстан Орталық архивінің материалдары негізінде дайындаған іргелі еңбегінде алғаш рет жүйеленген болатын (Рязанов, 1928: 185–190)

Сонымен бірге қолдағы архивтік сипаттамаларда жазалаушы отрядтар мен әкімшілік шенеуніктерінің Қоңырқұлжаға күмәнмен қараған тұстары кездеседі. Бұрын қарастырылған құжаттарда оның Кенесары жасақтарын өз қоныстары арқылы өткізуі, ат-көлік немесе азық-түлікпен көмектесуі мүмкін деген хабарламалар тіркелген. Мұндай мәліметтерді бірден «құпия одақ» ретінде қабылдау дұрыс емес: әскери-әкімшілік доностар күдік, барлау ақпараты немесе қарсыластардың мәлімдемесі негізінде жасалуы мүмкін. Дегенмен олардың болуы Қоңырқұлжаның позициясы ресми адалдық формуласына ғана сыймайтынын және даладағы туыстық, төрелік, шаруашылық байланыстарды ескерген саяси маневр жасағанын көрсетеді. 1838 жылдың мамырында Кенесары хан сарбаздары Ақмола бекінісін қоршауға алуы мен Ақмоланың аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендеұлының қорғаныс әрекеттері Н.А. Середаның монографиясындағы тарихи деректермен сабақтасады (Середа, 1870: 580–595).

Осы тұрғыдан Қоңырқұлжа мен Кенесарыны қарама-қарсы екі полюс ретінде ғана көрсету мәселені жеңілдетіп жібереді. Екеуі де төре әулетінің өкілдері болғанымен, өзгерген саяси жағдайда әртүрлі стратегия таңдады. Кенесары қарулы қарсылық арқылы хандық саяси дербестікті қалпына келтіруге ұмтылса, Қоңырқұлжа империялық әкімшілік жүйенің ішіндегі мүмкіндіктерді пайдаланған. Алайда даладағы әлеуметтік байланыстар бұл екі стратегияның арасында қатаң шекара болмағанын аңғартады. Сондықтан Қоңырқұлжаға қатысты әрбір «қолдау» немесе «қарсы әрекет» туралы мәлімет құжаттың авторы, жасалу жағдайы және мақсаты ескеріліп бағалануы тиіс.

Жазба мәдениет, мөр және жергілікті басқару тәжірибесі

Қоңырқұлжаға қатысты архивтік материалдардың тағы бір маңызды қыры – араб графикасындағы хаттар мен мөрлердің кездесуі. Бұл деректер XIX ғасырдың бірінші жартысында империялық кеңселік жүйе енгізілгенімен, қазақ қоғамындағы дәстүрлі жазба коммуникация бірден жойылмағанын көрсетеді. Сұлтандар мен билер өтініш, хабар, куәлік тәрізді мәтіндерді араб графикасымен рәсімдеп, жеке мөр немесе таңба арқылы бекіткен. Мұндай құжаттар ресми орыс тіліндегі аудармамен немесе кеңселік тіркеумен қатар сақталған. Омбы облысының тарихи архивіндегі № 3 қор, 1-тізімдеме, 1135-іс, 131 бетінде арабжазулы хат сақталған. Мұнда Қоңырқұлжа Құдаймендин өзінің өзінің ұлы Жаналы және қасындағы 2 бимен Санкт-Петербург қаласына барып, Ақ патшаның қабылдауында болғандығы туралы және кейіннен Тюмень, Тобыл, Петропавловск қалаларына сапары жайлы ақпарат береді. Бұл хаттан Аға сұлтанның қол қойып, мөр басқан ресми құжаттарын да табуға болады.



1 сур. Омбы облысының тарихи архиві, № 3 қор, 1-тізімдеме, 1135-іс, 131 б.

Қоңыркұлжаға қатысты материалдар арасындағы мөрдiң құрылымы ерекше назар аудартады. Мөр сопақша пішінде жасалып, композициялық жағынан бірнеше бөліктен тұрады. Оның сыртқы жиегі айналма мәтіндік белдеумен қоршалған. Бұл белдеуде кирилл графикасындағы Печать Султана Кунуркулжи Худаймен деген жазу орналасқан, ал мөрдiң орталық алаңында араб графикасында *مندى حداى بن كولجه قونكور سلطان مهر* / *Muhr-i Sultān Qongyr-Qulja bin Khudāy-Mendī* деген мәтін берілген. Осылайша бір мөрдiң өзінде империялық кеңселік және жергілікті мұсылмандық жазба дәстүрлерінің қатар қолданылғаны байқалады. Мөрдiң сыртқы және ішкі мәтіндік кеңістігінің әртүрлі графикамен рәсімделуі оның екі түрлі әкімшілік-мәдени ортада танылуына бейімделгенін аңғартады.

Орталық бөліктегі араб графикалы жазу бірнеше жолға бөлініп, каллиграфиялық мәнерде түсірілген. Фотосуреттен оның жоғарғы жағында ірілеу таңба немесе каллиграфиялық элементтің орналасқаны, одан төмен негізгі мәтіннің жолдарға бөлініп берілгені көрінеді. Жазудың шағын көлемге ықшамдалып орналасуы мөр мәтініне тән композициялық тәсілді көрсетеді. Сонымен бірге мөрдiң сыртқы айналма белдеуіндегі кирилл жазуы мен ортасындағы араб графикасының бір композицияда берілуі кездейсоқ безендіру емес, XIX ғасырдағы дала әкімшілігінің құжат айналымындағы көпграфикалы тәжірибенің заттай көрінісі ретінде бағалануы мүмкін.

Мұндай мөрдi сфрагистикалық дерек ретінде қарастыру Қоңыркұлжаның ресми мәртебесін анықтаумен ғана шектелмейді. Ол антропонимнің әртүрлі жазба дәстүрлерінде берілу ерекшелігін зерттеуге мүмкіндік береді. Ресейлік кеңселік құжаттарда Қоңыркұлжа есімі «Кунур-Кульджа», «Кунуркульджа» тәрізді транскрипциялық нұсқалармен, ал әкесінің аты мен әулеттік атауы «Худаймендин» түрінде беріледі. Араб графикасындағы мөрлер мен хаттар, керісінше, есімнің жергілікті жазба дәстүріндегі нұсқасын сақтайды. Сондықтан бір тұлғаның аты-жөнінің орыс кеңселік нұсқасы мен араб графикалы түпнұсқасын салыстыру тарихи антропонимдерді қалпына келтіруде ерекше мәнге ие.

Мөрдiң тағы бір маңызды ерекшелігі – оның жергілікті биліктің легитимация тетіктерін көрсетуінде. XIX ғасырдағы әкімшілік реформалар нәтижесінде аға сұлтан империялық басқару жүйесінің ресми лауазымды тұлғасына айналғанымен, оның қазақ қоғамындағы беделі тек патша әкімшілігі берген қызметтік мәртебемен шектелмеді. Шыңғыс әулетінен тараған сұлтан ретіндегі дәстүрлі әлеуметтік орны, жергілікті ортадағы беделі және империялық әкімшілік иерархиядағы қызметі бір-бірімен ұштасып жатты.

Сұлтанның архивтік іс-қағаздары мен мөрлерін зерделеудің әдіснамалық негізі ретінде М.Х. Абусейтованың тұжырымдары алынды. Ғалымның атап көрсетуінше «жазбаша дереккөздерді, грамоталар мен лауазымдық мөрлерді кешенді талдау дипломатиялық қатынастардың дәстүрлі жүйесін шынайы қалпына келтіруге мүмкіндік береді» (Абусейтова, 1998: 136).

Бұл жағдай XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ақмола сыртқы округінің кеңселік тәжірибесін де жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Орыс тіліндегі ресми іс жүргізу империялық әкімшілік аппараттың негізгі тілі болғанымен, жергілікті халықпен байланыста араб графикасындағы түркі жазба дәстүрінің қолданылуы жалғаса берген. Соның нәтижесінде бір әкімшілік кеңістікте орыс кеңселік құжаты, оның аудармасы, араб графикасындағы хат және жеке мөр тәрізді әртүрлі дерек түрлері қатар өмір сүрді. Бұл құбылыс отарлық әкімшілік жүйе мен бұрыннан қалыптасқан даладағы жазба-коммуникациялық тәжірибенің бір кезеңде өзара қабаттасқанын көрсетеді.

Сондықтан Қоңыркұлжа Құдаймендинге қатысты арабжазулы құжаттар мен мөрлерді қосалқы иллюстрациялық материал ретінде ғана емес, дербес тарихи дерек ретінде қарастыру қажет. Олар аға сұлтан институтының қызмет ету механизмін, ресми құжат айналымын, есімдер мен титулдардың жазылу дәстүрін, жергілікті билік өкілдерінің өзін-өзі таныту тәсілдерін және XIX ғасырдағы қазақ даласындағы жазба мәдениеттің трансформациясын зерттеуге мүмкіндік береді. Әсіресе бір мөрдiң бойында кирилл және араб графикасының

қатар қолданылуы Ақмола округіндегі басқару тәжірибесінің екі жазба дәстүр тоғысқан ортада қалыптасқанын айғақтайтын маңызды сфрагистикалық белгі болып табылады.

Төре қорымы және Қоңырқұлжа Құдаймендиннің эпитафиясы

Архивтік құжаттар Қоңырқұлжаның қызметтік өмірбаянын қалпына келтіруге мүмкіндік бергенімен, оның өмірінің соңғы межесін анықтауда эпиграфикалық дерек шешуші мәнге ие. Ахмет төре ауылындағы Төре қорымы Қоңырқұлжа әулетінің бірнеше буыны жерленген мемориалдық кеңістік ретінде қарастырылады. Қорымдағы арабжазулы мәтіндер бір жағынан нақты есім, жас, дата тәрізді биографиялық мәлімет берсе, екінші жағынан исламдық өлім философиясын, дұғалық формулаларды және әулеттік өзіндік сананы көрсетеді.

Қоңырқұлжа Құдаймендинге қойған құлпытастың өлшемі: 147x57,5x13. Құлпытас қызғылт түсті жергілікті гранит тастан жасалған. Жасалу формасы төбесі доғал пішінді эпиграфикалық үлгіде, 9 шаршыда ойып қашалған жазуы бар. Құлпытас мәтіні араб графикасында نَسْتَعْلِقُ наста'лик үлгісіне жақын эпиграфикалық жазу мәнерімен өте сауатты араб және түркі-шағатай тілінде жазылған.

Бірінші шаршыда الفراق (айырылысу) сөзінің оң жағына ай, сол жағына жұлдыз қашалып салынған.

Екінші шаршыда لَخْدٌ فِيهَا اللهُ رَسُوْلٌ لِّاَحَدٍ تَحْلُدُ الدُّنْيَا كُنْتُ لَوْ – Law kānat al-dunyā takhludu li-aḥadin la-khalada fihā Rasūlu Allāh (Егер бұл дүние біреуге мәңгілік болса, онда Алланың Елшісі ﷺ онда мәңгі қалар еді) деген Құрандағы дүниенің өткіншілігі туралы идеямен үндес діни-дидактикалық нақыл жазылған.

Үшінші, төртінші шаршылар мен бесінші шаршы басында يا واقف بقبري متفكرا بامرى بالامس كنت مثلك و غدا تصير غدا و مثلك كنت Yā wāqifan bi-qabrī mutafakkiran bi-amrī bi-l-amsi kuntu mithlaka wa-ghadan taṣīru mithlī (Ей, қабырғамның басында тұрып, менің хәл-жайымды ойлаған жан! Кеше мен сендей едім, ертең сен де мендей боласың) деген өлімнің хақтығын және дүниенің өткіншілігін еске салатын араб тіліндегі дәстүрлі эпитафиялық-дидактикалық нақыл берілген.

Бесінші шаршыдан тоғызыншы шаршыға дейін қазақтың дәстүрлі құлпытас жазу тәсіліне сай марқұмның (Қоңырқұлжа Құдаймендин) қай жылы, қай күні қайтқаны және оның титулатурасы (хаджж ал-харамайн, султан), тегі (өз аты, әкесінің аты), қайтқан жасы және оның рухына дұға жасау формуласы сақталған.



2 сур. Қоңырқұлжа Құдаймендинге қойған құлпытас

الفراق
لو كنت الدنيا تلحد لأحد رسول الله فيها
لخد⁶
يا واقف بقبري متفكرا بامرى
بالامس كنت مثلك و غدا تصير
مثلى ١٨٤٤ سنة ده ١١ نچى ابيولده
حاج الحرمين سلطان قونكر قولجه
حداى منده مرحوم او غلى ٦٨ ياشنده
بول ديار فانى دين بقايه انتقال ايلا
دى المرحوم المغفور روحنه الفاتحه

⁶ Араб тіліндегі дұрыс нұсқасы мынадай: «لو كانت الدنيا تلحد لأحد، لخد فيها رسول الله ﷺ». «Егер бұл дүние біреуге мәңгілік болса, онда Алланың Елшісі ﷺ сонда мәңгі қалар еді». Егер өзінің ұлылығы мен Алланың сүйіспеншілігіне бөленуінің арқасында жер бетінде мәңгі өмір сүруге лайық біреу болса, ол Мұхаммед пайғамбар ﷺ болар еді. Алайда ол да бұл дүниеден өтті.

Транскрипциясы:

Law kānat al-dunyā takhludu li-aḥadin la-khalada fihā Rasūlu Allāh.

Yā wāqifan bi-qabrī mutafakkiran bi-amrī

bi-l-amsi kuntu mithlaka wa-ghadan taṣīru

mithlī. 1864 sanada 11-nči iyūlda

Hājj al-Haramayn Sultān Qongyr-Qulja

Khudāy-Mende marḥūm oghlī, 68yāshında

bu diyār-i fānīdin baqāya intiqāl ayladī.

al-Marḥūm al-maghfūr rūḥina al-Fātiha.

Аудармасы: Айырылсу. Егер бұл дүние біреуге мәңгілік болса, онда Алланың Елшісі ﷺ онда мәңгі қалар еді. Ей, қабірімнің басында тұрып, менің хәл-жайымды ойлаған жан! Кеше мен сендей едім, ертең сен де мендей боласың! 1864-інші санада (жылда) 11-нші ийулда(шілдеде) Хаджж ал-харамайн (Екі қасиетті мекен, яғни Мекке мен Мәдинаға барған қажы), Сұлтан Қоңырқұлжа Құдайменде марқұмның ұлы 68 жасында бұл дийари фанидин бақайа интиқал илади (бұл дфәни дүниеден бақи дүниеге көшті). Ал-мархум ал-мағфур рухына ал-фатиха (Рақым етіліп, күнәсі кешірілген марқұмның рухына Фатиха бағыштаңыз!)

Қоңырқұлжа құлпытасындағы негізгі тарихи мәлімет – «1864 нші санада 11-нші ийулда ... 68 йашында» деген жазу. Осылайша эпитафия оның 1864 жылғы 11 шілдеде 68 жасында қайтыс болғанын көрсетеді. Бұл дата кейінгі кейбір басылымдардағы 1865 жылмен қайшылыққа түседі. Деректанулық тұрғыдан қабір басына қойылған, марқұмның аты-жөні мен жасын тікелей тіркеген эпитафияны өлім датасын анықтауда басым дерек ретінде қарастыруға негіз бар. Төңкеріске дейінгі автор А.К. Гейнстің жазбаларындағы кейінгі хабарды да ескерген жөн, бірақ екі деректің жасалу уақыты мен функциясы әртүрлі болғандықтан, эпиграфикалық датаның нақты күнді көрсетуі оның құндылығын арттырады (Гейнс, 1897).

Мәтіндегі «Хажж әл-Харамайн» тіркесі де назар аударарлық. Сөзбе-сөз мағынасы «екі қасиетті мекеннің қажысы» дегенді білдіреді және Мекке мен Мәдинаға қатысты қолданылады. Дегенмен бір ғана эпитафиялық титулға сүйеніп, Қоңырқұлжаның қажылық маршрутын немесе уақытын нақтылауға болмайды; оны қажылық фактісін көрсететін маңызды эпиграфикалық белгі ретінде ғана бағалаған дұрыс. «Сұлтан» атауы оның әулеттік мәртебесін бекітсе, «мархум», «мағфур», «рухына әл-Фатиха» формулалары исламдық жерлеу мәтіндерінің қалыпты құрылымына жатады.

Эпитафияның поэтикалық-дидактикалық бөлігі де маңызды: «Кеше мен сендей едім, ертең сен де мендей боласың» деген мазмұн тірі адамды өлімнің ақиқат екендігі туралы ойлануға шақырады. Мұндай формула құлпытасты тек ақпараттық белгі емес, ғибраттық мәтінге айналдырады. Сондықтан Төре қорымындағы жазуларды генеалогиялық мәлімет көзі ретінде ғана емес, XIX–XX ғасырлардағы Сарыарқа мұсылмандарының мемориалдық мәдениетін танытатын жазба ескерткіш ретінде қарастыру қажет.

Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының қабірі басындағы кейінгі кезеңде орнатылған қара граниттен жасалған, жоғарғы бөлігінде жұлдыз бен жарты ай бейнеленген құлпытас бар. Кирилл графикасындағы мәтінде: «Құдайменді ұлы Төре Қоңыр-Құлжа. 1794–1865. Шөберелер, немерелер» деп жазылған. Төменгі бөлігінде 2008 жыл деп көрсетілген.

Екі құлпытастағы даталарды қатар қарастырғанда маңызды хронологиялық қайшылық анық көрінеді. Қара гранит құлпытаста көрсетілген «1794–1865» жылдары оның жанында сақталған көне араб графикалы құлпытастың эпиграфикалық деректерімен сәйкес келмейді. Көне құлпытаста Қоңырқұлжаның қайтыс болған күні нақты көрсетіліп: «1864-інші санада (жылда) 11-нші ийулда (шілдеде) Хаджж ал-харамайн, Сұлтан Қоңырқұлжа Құдайменде

марқұмның ұлы 68 жасында бұл дийари фанидин бақайа интиқал илади» деп жазылған. Эпитафиялық мәтін бойынша Қоңырқұлжа 1864 жылғы 11 шілдеде 68 жасында дүниеден өткен. Осы мәліметті негізге алсақ, қарапайым арифметикалық есеп бойынша: $1864 - 68 = 1796$. Демек, Қоңырқұлжаның туған жылы шамамен 1795–1796 жылдарға сәйкес келеді.

Бұдан бөлек, Ахмет төре ауылы жанындағы Төре қорымында сақталған басқа құлпытасардың да аудармасы мен мәтіні талданып, зерттеу алаңына тартылды.

Темірбай Қоңырқұлжаұлының құлпытасы және әулеттік сабақтастық.

Құлпытастың өлшемі: биіктігі – 154 см, жалпақтығы – 74,5 см, ені – 8 см. Құлпытас қызғылт-қоңыр түсті табиғи тастан тұтас қашалып жасалған, пішіні тік төртбұрышты, жоғарғы бөлігі жартылай доғал арка түрінде аяқталған. Ескерткіштің алдыңғы беті тұтастай дерлік жазу мен сәндік композицияға арналған. Жоғарғы бөлігінде медальон тәрізді композиция орналасқан. Оның ортасында ірі көлемде араб графикасымен каллиграфиялық жазу қашалған. Медальонды айнала қоршаған белдеулерде араб жазулы мәтін орналасқан. Жоғарғы доғалық жиек бойымен де жеке мәтіндік белдеу жүргізілген.

Құлпытастың ортаңғы және төменгі бөліктерінде эпитафиялық мәтін көлденең жолдармен берілген. Жазулар тас бетіне ойып қашау тәсілімен түсірілген. Алайда тас бетінің мүжілуіне және жазудың көмескіленуіне байланысты суреттен мәтіннің барлық жолдарын оқу қиындық тудырады.

Композициялық тұрғыдан құлпытас үш негізгі бөліктен тұрады: жоғарғы доғалық мәтіндік белдеу, орталық дөңгелек медальон және төменгі эпитафиялық мәтін алаңы. Мұндай құрылым ескерткіштің мәтіндік және көркемдік бөліктерін біртұтас композицияға біріктірген. Құлпытастың жалпы сақталу жағдайы қанағаттанарлық болғанымен, жазулардың бір бөлігі табиғи мүжілу салдарынан көмескіленген.

Құлпытастағы араб графикалы мәтін негізінен насх (نسخ, naskh) үлгісіне жақын эпиграфикалық жазумен қашалған. Жоғарғы бөліктегі шеңберлі медальон ішінде орналасқан каллиграфиялық композицияда сүлүс (ثلث, thuluth) жазуына тән сәндік элементтер байқалады. Мәтінді тас бетіне түсіруге байланысты әріптердің классикалық каллиграфиялық пропорциялары біршама өзгеріске ұшыраған. Сондықтан ескерткіш жазуын таза насх немесе сүлүс үлгісіне жатқызу мүмкін емес. Жазуы насх негізіндегі, сүлүстік сәндік элементтері бар жергілікті эпиграфикалық жазу үлгісі деп атаған жөн болады.



الحکم لله
الدنیا فانیة و ما فیها راحلة
کل حی سیموت و هو حی لا یموت
اعوذ بالله من الشیطان الرجیم
بسم الله الرحمن الرحیم. لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللّهِ الْعَلِیِّ
الْعَظِیْمِ
۱۹۲۳ جلدہ نویابر ۷ سنہ
۶۸ جاسنہ بو فانی دنیا دین
رحلت ایلدی حاجی الحرمین
تیمربای قونگر قولجه اوغلی
حدای مندین غریق رحمت
بولسون امین
ای دوستلارم قبرمه زیارة قیلغوجی فکر ایدب
عبرت ال بنی کورگوجی...
۶۸ یاشاسامده بر سغت دیک بولمادی
اخرده مکانم بول بولدی

3 сур. Темірбай Қоңырқұлжаұлына қойған құлпытас

Транскрипциясы:

al-Ḥukmu li-Llāh
al-Dunyā fāniya wa-mā fihā rāḥila
Kullu ḥayyin sayamūtu wa-Huwa Ḥayyun lā yamūtu
A‘ūdhu bi-Llāhi mina sh-shayṭāni r-rajīm
Bismi Llāhi r-Raḥmāni r-Raḥīm. Lā ḥawla wa-lā
quwwata illā bi-Llāhi l-‘Aliyyi l-‘Azīm.
1923 jīlda noyabr 7-sinda
68 jasīnda bu fānī dunyādin
riḥlat ayladī Ḥājj al-Ḥaramayn
Temirbāy Qongyr-Qulja oghlī
Khudāymendin, gharīq-i raḥmat
bolsun, āmīn.
Ay dostlarīm, qabrimā ziyārat qılghuči, fikr aylab, ‘ibrat alīb, meni
körgüči...
68 yāshasam da bir
sā‘atdik bolmadī.
Ākhirda mekānim bu boldī.

Қазақша аудармасы:

Үкім Аллаға тән.
Дүние – фәни, ондағының бәрі өткінші.
Әрбір тірі жан өледі, ал Ол – мәңгі тірі, өлмейді.
Қуылған шайтаннан Аллаға сыйынамын.

Аса Қамқор, ерекше ейірімді Алланың атымен. Аса жоғары, Ұлы Алладан басқа күш те, қуат та жоқ. 1923 жылы 7 қарашада, 68 жасында осы фәни дүниеден бақилыққа өтті – қасиетті қос мекенге қажылық жасаған Темірбай Қоңырқұлжаұлы Құдаймендин. Алланың рақымына бөленсін. Әмин.

Ей, достарым, қабірімді зиярат етуші, ойланып, ғибрат алушы, мені көруші! 68 жыл өмір сүрсем де, бір сағаттай болмады, ақырында мекенім осы болды.

Темірбай Қоңырқұлжаұлы Худаймендиннің құлпытасы да әулеттік сабақтастықты толықтырады. Онда «Хажж әл-Харамайн Темірбай Қоңырқұлжа ұғлы Худаймендин» деген мәтін кездеседі. Құлпытаста 1923 жылы 7 қарашада 68 жасында дүниеден өткені жазылған. Мұнда «Үкім – Аллада», «Дүние – фәни», «Бисмиллаһир-рахманир-рахим», «Лә хаулә уә лә куәтә иллә билләһ» сияқты исламдық формулалар берілген. Бұл мәтіндер Қоңырқұлжа әулетінде исламдық жазба мәдениеттің ұзақ уақыт сақталғанын көрсетеді.

Қорымдағы басқа құлпытастар да осы әулеттік мемориалдық кеңістікті толықтыра түседі. Әбен Тіленұлына қатысты құлпытаста 1877 жыл, 49 жас, «әрбір жан өлімді татады» формуласы кездеседі. Хадиша Жәмелинқызының құлпытасында 1340 жыл хижра есебі, 46 жас, «фәниден бақиға көшу» формуласы берілген. Хусейн Төлеу-Мұхаммедұлына қатысты құлпытаста 1924 жыл, 1852 жылы туғаны және «қабіріме тоқтаған адам, ойлан» мазмұнындағы дидактикалық мәтін сақталған.

Бұл құлпытастардың барлығы Төре қорымының жай ғана жерлеу орны емес, әулеттік тарихи жад сақталған мемориалдық кеңістік екенін көрсетеді. Мұнда әлеуметтік мәртебе, діни дүниетаным, тілдік дәстүр және әулеттік байланыс бір арнада тоғысқан.

Архивтік құжаттар мен эпиграфикалық мәтіндерді салыстырғанда бірнеше маңызды мәселе анықталады. Біріншіден, архив Қоңырқұлжаның әкімшілік-саяси қызметін көрсетеді; эпиграфика оның әулеттік және рухани мәртебесін ашады. Екіншіден, архив құжаттарында ол аға сұлтан ретінде көрінсе, құлпытаста «Хажж әл-Харамайн сұлтан» ретінде аталады.

Үшіншіден, архивтік құжаттарда ресми билік тілі басым болса, құлпытастарда исламдық дүниетаным мен түркілік жазба дәстүр көрініс тапқан.

Осы тұрғыдан Қоңырқұлжа Құдаймендин тұлғасы екі кеңістікте қатар танылады: біріншісі – Ресей империясының әкімшілік кеңістігі, екіншісі – қазақ төрелерінің әулеттік-рухани кеңістігі. Мақаланың негізгі ғылыми проблемасы да осы екі дерек әлемін тоғыстыра отырып, тарихи тұлғаны қайта реконструкциялауда жатыр.

Темірбай Қоңырқұлжаұлы Худаймендиннің құлпытасы Қоңырқұлжа әулетінің мемориалдық дәстүрінің XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін жалғасқанын көрсетеді. Эпитафияда «әл-хукму лиллаһ» («Үкім – Аллада»), дүниенің фәнилігі, «әрбір жан өлімді татады» мазмұнындағы Құрандық формула, «Бисмиллаһир-рахманир-рахим», «лә хаулә уә лә куәтә иллә билләһ» тәрізді діни тіркестер берілген. Негізгі биографиялық бөлікте Темірбай Қоңырқұлжаұлының 1923 жылғы 7 қарашада 68 жасында қайтыс болғаны көрсетіледі.

Қоңырқұлжа мен Темірбай эпитафияларын салыстыру бірнеше сабақтастықты байқатады. Біріншіден, екеуінде де әулеттік есім мен «Худаймендин» атауы сақталған. Екіншіден, «Хажж әл-Харамайн» титулы екі мәтінде де кездеседі. Үшіншіден, арабша діни формулалар түркі тіліндегі биографиялық мәтінмен араласып беріледі. Бұл араб графикасының жергілікті мұсылмандық жазба мәдениеттегі ұзақ мерзімді қызметін көрсетеді. Төртіншіден, құлпытастардың мәтіндік құрылымы жеке адамның өмірбаяндық дерегін әулеттік және діни жадымен байланыстырады.

Осы Төре қорымындағы басқа да құлпытастар қазақ қоғамындағы кеңестік қудалау орнағанға дейінгі дәстүрлі жазу, сауаттылық және әулеттік сабақтастық мәдениетінің өте берік сақталғанын дәлелдейді. Араб графикасымен қашалған бұл мәтіндер Сарыарқа қазақтарының тек Ресей әкімшілік жүйесімен ғана емес, сонымен бірге жалпы исламдық Шығыс әлемімен де тығыз рухани байланыста болғанының айқын кескіні болып табылады.

Заттай дерек: Қоңырқұлжа әулетіне қатысты «полубайдан» сауыты

Қоңырқұлжа тұлғасының материалдық мұрасын толықтыратын деректердің бірі – Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған «полубайдан» типті сауыт. Қолдағы музейлік сипаттама бойынша жәдігер XX ғасырдың алғашқы ширегінде музей қорына түскен және Қоңырқұлжа әулетімен байланыстырылған. Қазақ әскери элитасының қорғаныс жарағын зерттеген Л.А. Бобров мұндай сауыттарды Еуразия көшпелі әскери мәдениетінің ұзақ эволюциясы аясында қарастырады (Бобров, 2016: 88–101).

Бұл затты Қоңырқұлжаның жеке өзі нақты қай уақытта пайдаланғанын тек музейлік атрибуцияға сүйеніп кесімді айту қиын. Сондықтан мақалада сауытты «Қоңырқұлжа әулетімен байланысты музейлік жәдігер» ретінде атап өтеміз. Дегенмен оның сақталуы төре әулетінің тарихи жады тек жазба және эпиграфикалық мәтіндерде емес, заттай мәдениетте де жалғасқанын көрсетеді. Архив – қызметтік биографияны, құлпытас – мемориалдық жадты, ал сауыт – әскери-әлеуметтік мәртебенің материалдық қырын танытады.

Архив пен эпиграфиканы тоғыстыру: тарихи реконструкцияның мүмкіндігі мен шегі

Өртексі деректерді бір зерттеу аясында біріктіру Қоңырқұлжа Құдаймендиннің тарихи бейнесін нақтылауға мүмкіндік береді. Архивтік құжаттар оның аға сұлтандық қызметінің хронологиясын, шендері мен әкімшілік байланыстарын береді. Эпиграфика нақты өлім датасын, әулеттік атауды, діни титулатураны және мемориалдық мәтіннің құрылымын сақтайды. Музейлік жәдігер әлеуметтік мәртебенің материалдық белгісін көрсетеді. Бұл деректер бірін-бірі қайталамайды; керісінше, әрқайсысы тұлға өмірінің басқа қабатын ашады.

Осы әдіс Қоңырқұлжаның тарихи рөлін қайта бағалауда да маңызды. Оны тек отарлық әкімшіліктің орындаушысы ретінде қарастыру архивтік қызмет фактілерінің бір бөлігін ғана көрсетеді. Ал оны империялық саясаттан тыс дербес ұлттық қайраткер ретінде сипаттау да XIX ғасырдың нақты әкімшілік құрылымын елемеуге әкеледі. Деректер көрсететін бейне – империялық институттарға кіріккен, бірақ дәстүрлі әулеттік беделге, жергілікті әлеуметтік

желілерге және дала саясатының өзіндік логикасына сүйенген аға сұлтанның бейнесі. Бұл – өтпелі дәуір элитасына тән күрделі модель.

Зерттеу нәтижесі

Зерттеу нәтижесінде бірнеше тұжырым жасалды. Біріншіден, Қоңырқұлжа Құдаймендиннің Ақмола сыртқы округінің құрылуындағы орны жергілікті бастамашы және кейін жаңа әкімшілік құрылымның алғашқы аға сұлтаны ретінде айқындалады. 1829 жылғы округ ашу туралы бастама жөніндегі мәліметтер мен 1830–1832 жылдардағы ұйымдастыру шаралары Ақмола әкімшілік орталығының қалыптасуына жергілікті төре элитасының да қатысқанын көрсетеді. Бұл XIX ғасырдағы қала және округ тарихын тек әскери-казактық фактор арқылы түсіндірудің жеткіліксіз екенін аңғартады. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» қабылдануы және Сарыарқа өңірінде Ақмола сыртқы округінің ашылуы империялық әкімшілік саясаттың заңды кезеңі ретінде негізделеді (История Казахстана, 2000: 210–218).

Екіншіден, формулярлық тізім және басқа қызметтік құжаттар Қоңырқұлжаның әкімшілік мансабын нақтылауға мүмкіндік береді: оның аға сұлтандық қызметі бірнеше кезеңнен тұрған, империялық әскери шендер мен марапаттарға ие болған. Бұл фактілер оның Батыс Сібір әкімшілігімен тұрақты институционалдық байланыста болғанын көрсетеді. Сонымен қатар Петербург сапары оның империялық орталықпен тікелей саяси коммуникация деңгейіне көтерілгенін дәлелдейді, бірақ сапар нәтижесіне қатысты кейінгі кең тараған кейбір тұжырымдар қосымша нормативтік дерекпен тексеруді қажет етеді.

Үшіншіден, Кенесары қозғалысына қатысты материалдар Қоңырқұлжаның саяси позициясын қарапайым «жақтаушы/қарсылас» схемасына сыйғызуға болмайтынын көрсетеді. Ресми міндеті оны көтеріліске қарсы әкімшілік лагерьге орналастырғанымен, кейбір доностардағы күдік пен жасырын көмек туралы мәліметтер даладағы туыстық және саяси байланыстардың күрделілігін аңғартады. Бұл бағыттағы қорытындыларды түпнұсқа істерді толық жариялау арқылы одан әрі нақтылау қажет.

Төртіншіден, Қоңырқұлжа эпитафиясы оның 1864 жылғы 11 шілдеде 68 жасында қайтыс болғанын көрсетіп, өмірбаяндық хронологияны нақтылайды. «Хажж әл-Харамайн сұлтан» титулатурасы оның әулеттік және діни мәртебесін танытады. Темірбай Қоңырқұлжаұлы және қорымдағы өзге тұлғалардың құлпытастары Төре қорымын бірнеше буынның тарихи жадын сақтаған әулеттік мемориалдық кешен ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, зерттеу архивтік, эпиграфикалық және заттай деректерді біріктіру тұлғатану үшін нәтижелі екенін көрсетті. Мұндай тәсіл ресми қызметтік өмірбаянды әулеттік жадпен, діни мәдениетпен және материалдық мұрамен байланыстырып, XIX ғасырдағы қазақ төрелерінің тарихи бейнесін көпқырлы түрде реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қоңырқұлжа Құдаймендиннің өмірі мен қызметі XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласының саяси трансформациясын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды тарихи мысал. 1822 жылғы реформадан кейін қалыптасқан аға сұлтан институты дәстүрлі төрелік легитимдік пен империялық әкімшілік тәртіптің тоғысуынан пайда болды. Қоңырқұлжа осы жаңа жүйенің алғашқы және ықпалды өкілдерінің бірі ретінде Ақмола сыртқы округінің құрылуы мен қызметіне тікелей қатысты.

Архивтік құжаттар оның ресми мәртебесін, қызметтік кезеңдерін, жоғары әкімшілік мекемелермен байланысын және даладағы саяси оқиғаларға қатысын көрсетеді. Бұл материалдар тұлғаны кейінгі идеологиялық бағалардан бөліп, нақты кеңселік фактілер негізінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге архивтің өзі толық бейне бермейді. Қоңырқұлжаның Төре қорымындағы құлпытасы мен оның ұрпақтарының эпитафиялары

әулеттік тарихи жадтың, исламдық жазба дәстүрдің және әлеуметтік мәртебенің басқа қырын ашады.

Қоңырқұлжа құлпытасындағы 1864 жылғы 11 шілде датасы оның қайтыс болған уақытын нақтылауға мүмкіндік беретін тікелей эпиграфикалық дерек болып табылады. «Хажж әл-Харамайн», «сұлтан» атаулары, өлімнің өткіншілігі туралы арабша-түркіше формулалар оның мемориалдық бейнесінің діни және әлеуметтік мазмұнын көрсетеді. Темірбай Қоңырқұлжаұлының және өзге әулет мүшелерінің құлпытастары бұл дәстүрдің XX ғасырдың басына дейін жалғасқанын аңғартады.

Осылайша, Қоңырқұлжа Құдаймендинді біржақты саяси категориямен бағалаудан гөрі, империялық реформалар жағдайында әрекет еткен, дәстүрлі әулеттік бедел мен жаңа әкімшілік ресурстарды қатар пайдаланған өтпелі дәуір тұлғасы ретінде қарастырған жөн. Оның тарихи реконструкциясы Ақмола–Астана өңірінің саяси тарихын ғана емес, қазақ төрелерінің XIX–XX ғасырлардағы әлеуметтік бейімделуі, жазба мәдениеті, мемориалдық дәстүрі және тарихи жады мәселелерін зерттеуге де жаңа мүмкіндік береді. Алдағы уақытта Қоңырқұлжаға қатысты Омбы, Алматы және Астана архивтеріндегі істерді толық археографиялық жариялау, арабжазулы хаттары мен мөрлерінің факсимилесін беру және Төре қорымының барлық эпитафияларын корпус түрінде жариялау зерттеудің деректік негізін едәуір кеңейтер еді.

Архивтік дереккөздер:

ООТА № 3 қор, 1-тізімдеме, 1135-іс – (Омбы облысының тарихи архивіндегі) № 3 қор, 1-тізімдеме, 1135-іс

ҚР ОМА 338-қор, 1-тізім, 6-іс – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 338-қор, 1-тізім, 6-іс, 804-іс.

ҚР ОМА, 369-қор, 1-тізім, 871-іс – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 369-қор, 1-тізім, 871-іс.

ҚР ОМА, 374-қ., 1-т., 2154-іс – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 374-қор, 1-тізім, 627-іс; 2154-іс; 2960-іс.

АҚМА 362-қор, 1-тізім, 20-іс; 5-тізім, 51-іс – Астана қаласының мемлекеттік архиві. 362-қор (Ақмола округтік приказы), 1-тізім, 20-іс; 5-тізім, 51-іс.

Ахмет төре ауылындағы Төре қорымы – Ахмет төре ауылындағы Төре қорымының эпиграфикалық материалдары. 2025 жылғы далалық зерттеу материалдары.

Әдебиеттер:

Абусейтова, 1998 – *Абусейтова М.Х.* Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.: история, политика, дипломатия. Алматы: Дайк-Пресс, 1998. 268 с.

Аполлова, 1960 – *Аполлова Н.Г.* Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв. Москва: Издательство АН СССР, 1960. 456 с.

Артықбаев, 2005 – *Артықбаев Ж.О.* Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. Астана: Фолиант, 2005. 284 б.

Бекмаханов, 1992 – *Бекмаханов Е.Б.* Казахстан в 20-40 годы XIX века.[отв. ред. Н. Б. Жиенғалиев; Министерство образования Республики Казахстан. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 397 с.

Бобров, 2016 – *Бобров Л.А.* Защитное вооружение казахской кочевой элиты XVII – начала XIX вв. // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: История, филология. 2016. Т. 15. № 3. С. 88–101.

Валиханов, 1985 – *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Т. 5. 2-е изд., дополненное и переработанное. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. 528 с.

Гейнс, 1897 – *Гейнс А.К.* Собрание литературных трудов А.К.Гейнса. Санкт-Петербург: В типографии М.М.Стасюлевича, 1897. Том 1. 589 стр.

Ермекбай, 2017 – *Ермекбай Ж.А.* Сибирская администрация и казахи (20-е гг. XIX в. – 20-е гг. XX в.) // Известия Иркутского государственного университета. Серия «История». 2017. Т. 21. С. 37–43.

Ермекбай, 2018 – *Ермекбай Ж.А.* Западносибирская администрация и казахское самоуправление в первой половине XIX в.: новации и традиции // Известия Иркутского государственного университета. Серия «История». 2018. Т. 24. С. 18–27.

Ермекбай, 2022 – *Ермекбай Ж.А.* «Устав о сибирских киргизах» 1822 г. и казахи Среднего жуза // Известия Иркутского государственного университета. Серия «История». 2022. Т. 41. С. 7–13.

Красовский, 1868 – *Красовский М.И.* Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба: Область сибирских киргизов. ч. 3 / сост. Ген. штаба подполковник Красовский. 1868. II, 264 с., 3 л. табл., 2 л. к.

Материалы по киргизскому землепользованию, 1907 – Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей. Т. 3, ч. 1: Акмолинская область. Акмолинский уезд. Ч. 1. Таблицы. Воронеж, 1907. – 766 с.

Nurbayev et al., 2021 – *Nurbayev Zh.Ye., Sultangazy G.Zh., Mukatayeva L.K.* Social Transformation of the Siberian Cossackdom within the Formation of the Urban Area of Northern Kazakhstan on the Cusp of the XIX–XX centuries // *Bylye Gody*. 2021. Vol. 16. No. 2. P. 850–860.

Рязанов, 1928 – *Рязанов А.Ф.* Сорок лет борьбы за национальную независимость Казахского народа (1797–1838 гг.): Очерки по истории национального движения Казахстана: в 2-х частях (по материалам Центрального архива Казахстана). Кызыл-Орда: Издание О-ва Изучения Казахстана, 1928. 299 с.

Середа, 1870 – *Середа Н.А.* Бунт киргизского султана Кенесары Касимова // Вестник Европы. V т. Санкт-Петербург: 1870. С. 541-690.

Зиманов, 2009 – *Зиманов С.З.* Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевское ханство. Алматы: Арыс, 2009. 490 с.

История Казахстана, 2000 – История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): в пяти томах; Редкол.: Козыбаев М.К.; Алдажуманов К.С.; Асылбеков М.Х.; Касымбаев Ж.К. – Алма-Ата: Атамұра, 2000. Том 3. 768 с.

Дубицкий, 1959 – *Дубицкий А.Ф.* Акмола – город славный: исторический очерк. Акмолинск: Областное изд-во, 1959. 126 с.

Sources:

AQMA – Astana qalasynyn memlekettik arhivi [State Archive of Astana]. 362-qor, 1-tizim, 20-is; 5-tizim, 51-is. [in Kazakh]

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 338-qor, 1-tizim, 6-is; 804-is. [in Kazakh]

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 369-qor, 1-tizim, 871-is. [in Kazakh]

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 374-qor, 1-tizim, 627-is; 2154-is; 2960-is. [in Kazakh]

OOTA – Omby oblysynyn tarihi arhivi [Historical Archive of the Omsk Region]. № 3 qor, 1-tizimdeme, 1135-is. [in Kazakh]

Töre necropolis, 2025 – Ahmet Töre ауылындағы Төре қорымның эпиграфикалық материалдары. 2025 жылғы далалық зерттеу материалдары [Epigraphic materials of the Töre necropolis in Akhmet Töre Village. Materials of the 2025 field research]. [in Kazakh]

References:

Abuseitova, 1998 – *Abuseitova M.H.* Kazakhstan i Tsentral'naya Aziya v XV–XVII vv.: istoriya, politika, diplomatiya [Kazakhstan and Central Asia in the 15th–17th Centuries: History, Politics, Diplomacy]. Almaty: Daik-Press, 1998. 268 p. [in Russian]

Apollova, 1960 – *Apollova N.G.* Ekonomicheskie i politicheskie svyazi Kazakhstana s Rossiei v XVIII – nachale XIX vv. [Economic and Political Relations of Kazakhstan with Russia in the 18th – Early 19th Centuries]. M.: Izdatel'stvo AN SSSR, 1960. 456 p. [in Russian]

Artyqbaev, 2005 – *Artyqbaev Zh.O.* Qazaq etnografiyası: etnos zhane qogam [Kazakh Ethnography: Ethnos and Society]. Astana: Foliant, 2005. 284 p. [in Kazakh]

Bekmakhanov, 1992 – *Bekmakhanov E.B.* Kazakhstan v 20–40 gody XIX veka [Kazakhstan in the 1820s–1840s]. Otv. red. N.B. Zhiengaliev. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. 397 p. [in Russian]

Bobrov, 2016 – *Bobrov L.A.* Zashchitnoe vooruzhenie kazakhskoi kochevoi elity XVII – nachala XIX vv. [Protective Armament of the Kazakh Nomadic Elite of the 17th – Early 19th Centuries]. Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Istoriya, filologiya. 2016. Vol. 15. № 3. Pp. 88–101. [in Russian]

Dubitskii, 1959 – *Dubitskii A.F.* Akmola – gorod slavnii: istoricheskii ocherk [Akmola – a Glorious City: A Historical Essay]. Akmolinsk: Oblastnoe izd-vo, 1959. 126 p. [in Russian]

Ermekbai, 2017 – *Ermekbai Zh.A.* Sibirskaya administratsiya i kazakhi (20-e gg. XIX v. – 20-e gg. XX v.) [The Siberian Administration and the Kazakhs (1820s–1920s)]. Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoriya». 2017. Vol. 21. Pp. 37–43. [in Russian]

Ermekbai, 2018 – *Ermekbai Zh.A.* Zapadnosibirskaya administratsiya i kazakhskoe samoupravlenie v pervoi polovine XIX v.: novatsii i traditsii [The West Siberian Administration and Kazakh Self-Government in the First Half of the 19th Century: Innovations and Traditions]. Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoriya». 2018. Vol. 24. Pp. 18–27. [in Russian]

Ermekbai, 2022 – *Ermekbai Zh.A.* «Ustav o sibirskikh kirgizakh» 1822 g. i kazakhi Srednego zhuza [The 1822 “Charter on the Siberian Kirghiz” and the Kazakhs of the Middle Zhuz]. Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoriya». 2022. Vol. 41. Pp. 7–13. [in Russian]

Geins, 1897 – *Geins A.K.* Sobranie literaturnykh trudov A.K. Geinsa [Collection of the Literary Works of A.K. Geins]. Vol. 1. SPb.: Tipografiya M.M. Stasyulevicha, 1897. 589 p. [in Russian]

Istoriya Kazakhstana, 2000 – *Istoriya Kazakhstana (s drevneishikh vremen do nashikh dnei): v pyati tomakh* [History of Kazakhstan: From Ancient Times to the Present Day: In Five Volumes]. Redkol.: Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S., Asylbekov M.H., Kasymbaev Zh.K. Vol. 3. Almaty: Atamura, 2000. 768 p. [in Russian]

Krasovskii, 1868 – *Krasovskii M.I.* Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami General'nogo shtaba: Oblast' sibirskikh kirgizov [Materials for the Geography and Statistics of Russia Collected by Officers of the General Staff: The Region of the Siberian Kirghiz]. Part 3. Sost. Gen. shtaba podpolkovnik Krasovskii. 1868. II, 264 p., 3 l. tabl., 2 l. k. [in Russian]

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, 1907 – *Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye Ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei. T. 3, ch. 1: Akmolinskaya oblast'. Akmolinskii uезд. Ch. 1. Tablitsy* [Materials on Kirghiz Land Use Collected and Compiled by the Expedition for the Study of the Steppe Regions. Vol. 3, Part 1: Akmola Region. Akmola Uyezd. Part 1. Tables]. Voronezh, 1907. 766 p. [in Russian]

Nurbayev et al., 2021 – Nurbayev Zh.Ye., Sultangazy G.Zh., Mukatayeva L.K. Social Transformation of the Siberian Cossackdom within the Formation of the Urban Area of Northern Kazakhstan on the Cusp of the XIX–XX Centuries. *Bylye Gody*. 2021. Vol. 16. № 2. Pp. 850–860.

Ryazanov, 1928 – Ryazanov A.F. Sorok let bor'by za natsional'nuyu nezavisimost' Kazakskogo naroda (1797–1838 gg.): Ocherki po istorii natsional'nogo dvizheniya Kazakhstana: v 2-kh chastyakh (po materialam Tsentral'nogo arkhiva Kazakhstana) [Forty Years of Struggle for the National Independence of the Kazakh People (1797–1838): Essays on the History of the National Movement of Kazakhstan: In Two Parts (Based on Materials from the Central Archive of Kazakhstan)]. Kzyl-Orda: Izdanie O-va Izucheniya Kazakhstana, 1928. 299 p. [in Russian]

Sereda, 1870 – Sereda N.A. Bunt kirgizskogo sultana Kenesary Kasimova [The Revolt of the Kirghiz Sultan Kenesary Kasimov]. *Vestnik Evropy*. Vol. V. SPb., 1870. Pp. 541–690. [in Russian]

Valikhanov, 1985 – Valikhanov Ch.Ch. Sobranie sochinenii v pyati tomakh [Collected Works in Five Volumes]. Vol. 5. 2-e izd., dopolnennoe i pererabotannoe. Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii, 1985. 528 p. [in Russian]

Zimanov, 2009 – Zimanov S.Z. Politicheskii stroi Kazakhstana pervoi poloviny XIX veka i Bukeevskoe khanstvo [The Political System of Kazakhstan in the First Half of the 19th Century and the Bukey Khanate]. Almaty: Arys, 2009. 490 p. [in Russian]

¹Муминов А.К. ²Дюсенов Б.Д. ³Курманбаева К.С.

^{1,2,3}Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова Алматы, Казахстан

E-mail: muminov9703@yahoo.com, bagdat75@inbox.ru, kurmanbayeva.ks@gmail.com

СТАРШИЙ СУЛТАН АКМОЛЫ КУНУР-КУЛЬДЖА ХУДАЙМЕНДИН: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ И АРАБОПИСЬМЕННЫХ ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ

Аннотация. Введение. В статье на основе архивных документов, эпиграфических памятников и вещественных источников реконструируется исторический образ первого старшего султана Акмолинского внешнего округа Кунур-Кульджи Худаймендина. Цель и задачи исследования. Цель исследования – определить его роль в формировании Акмолинского округа, характер взаимодействия с имперской администрацией и место в династической памяти казахов торе. Материалы и методы. Источниковую базу составили делопроизводственные материалы Исторического архива Омской области, Центрального государственного архива Республики Казахстан и Государственного архива города Астаны, арабографичные надгробные надписи некрополя Торе в селе Ахмет Торе Нуринаского района Карагандинской области, зафиксированные в ходе полевых работ 2025 г. Применены источниковедческий, сравнительно-исторический, эпиграфический, палеографический и сфрагистический методы. Результаты. Архивные материалы позволяют проследить административный статус и политическую деятельность султана, тогда как эпитафии уточняют дату его смерти, титулатуру и структуру родовой мемориальной памяти. Вывод. Сопоставление разных типов источников показывает необходимость рассматривать Кунур-Кульджу Худаймендина не в рамках однозначных оценок, а как сложного представителя переходной эпохи, в которой взаимодействовали имперские административные реформы и традиционные институты степного общества.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта «Значение культурных памятников в исследовании интеллектуальной истории (на материалах эпиграфики некрополей Акмолинского региона), (регистрационный номер: AP26198545)

Ключевые слова: Конуркульджа Кудаймендин, Акмолинский внешний округ, старший султан, архивные документы, эпиграфика, некрополь Торе, историческая реконструкция.

¹ Muminov A.K. ²Dyussenov B.D. ³Kurmanbayeva K.S.

^{1,2,3}R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: muminov9703@yahoo.com, bagdat75@inbox.ru, kurmanbayeva.ks@gmail.com

QONGYRQULZHA QUDAIMENDIN, SENIOR SULTAN OF THE AKMOLA EXTERNAL DISTRICT: A HISTORICAL ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS AND ARABIC-SCRIPT EPIGRAPHY

Abstract. Introduction. The article reconstructs the historical image of Qongyrqulzha Qudaimendin, the first senior sultan of the Akmola External District, using archival records, epigraphic monuments and material evidence. The purpose and objectives of the study. The study aims to determine his role in the formation of the Akmola district, his interaction with the imperial administration, and his place in the dynastic memory of the Kazakh Tore elite. The source base includes administrative records from the Historical Archive of Omsk Region, the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and the State Archive of Astana, Arabic-script epitaphs documented during the 2025 fieldwork at the Töre necropolis in Akhmet Töre Village, Nura District, Karaganda Region, and information on a museum artifact associated with the sultan's family. Results. Source criticism, comparative-historical, epigraphic, palaeographic and sphragistic methods are applied. Archival documents illuminate the sultan's official status and political activities, while the epitaphs clarify the date of his death, his socio-religious titulature and the structure of dynastic memorial memory. Conclusion. The comparison of heterogeneous sources suggests that Qongyrqulzha should be interpreted as a complex actor of a transitional era in which imperial administrative reforms interacted with the traditional institutions of the Kazakh steppe.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant project “The Significance of Cultural Monuments in the Study of Intellectual History (Based on the Epigraphic Materials of Necropolises in the Akmola Region)” (Registration No. AP26198545).

Keywords: Qongyrqulzha Qudaimendin, Akmola External District, senior sultan, archival sources, epigraphy, Tore necropolis, historical reconstruction.

Авторлар туралы мәлімет:

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Дюсенов Бағдат Даниярұлы – PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, Алматы, Қазақстан

Құрманбаева Құралай Смағұлқызы – ғылыми қызметкер, педагогика ғылымдарының магистрі, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Муминов Аширбек Курбанович – ГНС, д.и.н., профессор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Дюсенов Багдат Даниярович – PhD, Заместитель генерального директора по науке Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Құрманбаева Куралай Смагуловна – НС, магистр педагогических наук, Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Ashirbek K. Muminov – Chief Research Fellow, Doctor of Historical Sciences, Professor, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Bagdat D. Dyussenov – PhD, Deputy Director General for Research, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Kuralay S. Kurmanbayeva – Research Fellow, Master of Pedagogical Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 13 маусым 2026 жыл
Қабылданды 11 тамыз 2026 жыл*